



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢДАРДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУДА ҚОС ПАЛАТАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының сайлауы 2023 жылдың 14 қаңтарына белгіленіп, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тиісті жарлыққа қол қойды. Оның мәтінінде: ҚР Конституциясының 44-бабының 2-тармақшасына, «ҚР Сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі заңның 69-бабына, 69-баптың 2-тармағына сәйкес 2023 жылы ҚР Парламенті Сенаты депутаттарының мерзімі аяқталуына орай ҚР Парламенті Сенаты депутаттарын сайлауды 2023 жылы 14 қаңтарда өткізу туралы қаулы етемін», – делінген.

(Соңы 3-бетте)

ӘЛЕУМЕТ

ҮКІМЕТ: ӨТКЕННЕН САБАҚ, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Жылды қорытындылап, болашаққа жоспар құратын кезең де келіп жетті. Жыл басында ҚР Үкіметіне айрықша тапсырмалар жүктелді. Қаралы қаңтардан кейін ел еңсесін тіктеу, халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін көтеру, шын мәніндегі «Еститін Үкіметке» айналу міндеттері қажырлы еңбекті талап етті.

Енді міне жылды қорытындылап, артқа қарайлаған тұста ауқымды жұмыстардың атқарылғаны көрінеді. Сан мен сапа үйлесіп, елдің экономикалық, әлеуметтік, ішкі, сыртқы сауда, кәсіпкерлік мәселерінде игілікті істердің алға ілгерілегеніне куә боласыз. Дерек пен дәйектерді негізге ала отырып, елдегі инфрақұрылым, ауылшаруашылығы, кәсіпкерлік, мұнай-газ, энергетика, әлеумет мәселелеріндегі өсім көрсеткіштеріне үңілдік. Ретімен баяндап, сандарды сөйлейік:

Экономика

Қазақстанда қаңтар-қарашада экономиканың өсу қарқыны 2,7% деңгейінде болды. Ауыл

шаруашылығы (+8,5%), ақпарат және байланыс (+7,6%), сауда (4,8%), құрылыс (4,3%), өңдеу өнеркәсібі (4,2%), көлік және қоймалау салалары 4%-дан астам өсуді көрсетуде. Тауарлар өндірісі 2,7%-ға, қызметтер 2,1%-ға өсті.

Қаңтар-қазан айларында сыртқы сауда айналымы 34%-ға артып, \$111 млрд-қа жетті. Экспорт 45%-ға (\$71 млрд), соның ішінде өңделген тауарлар – 35%-ға (\$22 млрд) өсті. Оң сауда балансы 2 есеге ұлғайып, \$31 млрд-ты құрады.

Негізгі капиталға тартылған инвестициялардың көлемі 6,6%-ға өсіп, экономиканың негізгі салаларына әсер етті: білім беру (+40,5%), сауда (+31,2%), құрылыс (+27,2%), көлік және қоймалау (+11,5%), жылжымайтын мүлікпен операциялар

(+11,5%), ауыл шаруашылығы (+5,2%), өнеркәсіп (+4,2%).

Қараша айында инфляцияның жылдық деңгейі 19,6%-ды құрады. Бұған геосаяси шиеленістің күшеюі, әлемдегі тауарлар бағасының рекордтық өсуі, логистиканың бұзылуы және көрші елдерде кейбір тауарлардың экспортына уақытша шектеулердің енгізілуі ықпал етті.

ҚР Үкіметінің инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешені ішкі нарықтағы отандық тауарлардың үлесін ұлғайтуға, тауарларды сақтау және тасымалдау жөніндегі тетіктерді дамытуға, бөлшек сауданы қолдауға, сондай-ақ баға белгілеуді бақылауға, монополияға қарсы және сыртқы сауданы реттеуге бағытталған.

2022 жылы АӨК-ті мемлекеттік қолдау шаралары (оның ішінде субсидиялар) 2 есеге ұлғайтылды, «айналым схемасы» бойынша қаржыландыру 140 млрд теңгеге дейін, ал тұрақтандыру қорлары – 50 млрд теңгеден 100 млрд теңгеге дейін кеңейтілді, ӘМАТ-қа сауда үстемесінің сақталуына бақылау күшейтілді (15%-дан аспауы). 2024 жылдың соңына дейін отандық тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтерді өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен қамтамасыз ету, негізгі азық-түлік және басқа да тұтыну тауарлары бойынша ішкі нарықты импортты алмастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру, өңдеу өнеркәсібі жобаларын қаржыландыруды ұсыну, азаматтардың әлеуметтік әмиянына жәрдемақылар мен төлемдерді есепке алу тетігін енгізу, ҚР тауар өткізу желісін дамыту жөнінде шаралар қабылдау жоспарлануда.

(Соңы 2-бетте)



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
АХУАЛДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ
АРТТЫ

2-бет



АЛАЯҚТАР
КЕЛТІРГЕН ШЫҒЫН
7 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ

6-бет



ЕЛТАЙ АУБАКИРОВ,
Жетісу облысы Әділет департаментінің зияткерлік
меншік құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы:

«ТАУАР ТАҢБАСЫН
ЗАҢСЫЗ
ПАЙДАЛАНҒАҢДАР
ЖАУАПТЫЛЫҚҚА
ТАРТЫЛАДЫ»

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Ғұмар ДҮЙСЕМБАЕВ,
Парламент Сенатының депутаты:

«ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – ЕЛ ІРГЕСІНІҢ БЕРІКТІГІ»

– Ғұмар Ислямұлы, еліміздің тәуелсіздігі жарияланған тұста қайда болдыңыз? Сол сәт есіңізге не түсті?

– Еліміз егемендікке қол жетізген 1991 жылы ұжымшардың бастығы едім. Жалпы, сол кездегі үрдістер, қабылданып жатқан шешімдер мемлекеттімізге қақтығыс үлкен өзгерістен хабар беріп, халық еркіндіктің лебін сезе бастаған болатын. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы, одан соң Жоғарғы кеңесте Тәуелсіздік жайлы декларацияның қабылданыуы осы бетбұрыстың басы еді. Үміт ақталып, ата-баба аңсаған егемен ел болды. Бір жақсылығы – тәуелсіздікті соғыссыз, бейбіт түрде алдық. Бұған қуанғанымызбен, ауылда қызмет етіп жүргендіктен халықтың жағдайы қалай болады екен деп те алаңдадық. Өйткені, одақ құлағаннан кейін экономикалық байланыстар үзілді.

(Соңы 5-бетте)

МИНБЕР

ҮКІМЕТ: ӨТКЕННЕН САБАҚ, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үкімет халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда. 2022 жылы 3 млн-нан астам адамның жалақысы көтерілді. Дәрігерлердің жалақысы 30%-ға, мұғалімдердің – 25%-ға, бюджет сферасының басқа қызметкерлерінің жалақысы – 20%-ға, өндірістік персоналдың жалақысы – 10-50% аралығында ұлғайтылды. Биыл 11 айда 563 мың жаңа жұмыс орны құрылды (жоспардан 27%-ға артық).

Биылғы жылғы 11 айдың қорытындысы бойынша бюджеттің атқарылуы: мемлекеттік бюджет – 14,3 трлн теңге (жоспарланғаннан 103,6%), оның ішінде республикалық бюджет – 9,7 трлн теңге (жоспарланғаннан 101,9%), жергілікті бюджеттер – 4,5 трлн теңге (жоспарланғаннан 107,3%).

Республикада мемлекеттік қаржыны басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы шеңберінде контрициклдік бюджеттік қағидалар бекітілді. Бұл қабылданған 3 жылдық республикалық бюджет шеңберінде Ұлттық қордан трансферттерді 2023 жылы 1,4 трлн теңгеге қысқартуға және шығыстардың өсу қарқынын тұрақтандыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпкерлік

ШОБ-ты қолдау мақсатында монокалаларда, шағын кәсіпкерлік мен асылдарда 5% жеңілдікпен шағын несиелендіру, мөлшерлемесі 1%-дан басталатын жеңілдік несиеленумен ШОБ-ты қолдаудың өңірлік бағдарламасы, сондай-ақ, батыс және оңтүстік өңірлер үшін 5% жеңілдікпен несиелеу енгізілді, несиелендірудің ең жоғары сомасы 7-ден 3 млрд теңгеге дейін төмендетілді. Бұл ШОБ субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларымен қамтуға ықпалы мүмкіндік береді, мемлекеттік қолдау көрсету кезінде салалық тәсіл енгізілді.

Биылдан бастап бизнесті реттеудің жаңа тәсілдері енгізіліп жатыр: бизнеске қойылатын басы артық талаптарды анықтау бойынша ауқымды ревизия және мемлекеттік бақылауды автоматтандыру жұмыстары жүргізілуде (2022 жылы 42 сала, 2023 жылы тағы 20 сала). Бүгінде осындай 7 мыңға жуық талап анықталды (74 мыңнан астамы талданды), олар жойылады. ШОБ-ты тексеруге мораторий мерзімі аяқталғанға дейін мемлекеттік бақылау жүйесі тәуекелдерді басқару жүйелерін автоматтандыру арқылы бұзушылықтардың алдын алуға көшеді.

Ауыл шаруашылығы

Ауыл шаруашылығында биыл 21 млн тонна астық (2021 жылға қарағанда +29%) жиналды. Бұл соңғы 10 жылдағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. 5,2 млн гектар ауыл шаруашылығы жерлері мемлекеттік меншікке қайтарылды. 2023 жылы қосымша 5 млн гектарды қайтару жоспарлануда. АӨК экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнім үлесі келесі жылы 45%-ға дейін өсуі тиіс. Шағын несиелеу есебінен (2023 жылға 70 млрд теңге, жалпы 5 жылға 1 трлн теңге) ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны іске асыру басталды. Нәтижесінде, 1 млн-нан астам ауыл тұрғыны қамтылады. Кооперативтік кәсіпкерлікке барлық жеке үй шаруашылығындағылардың жартысы тартылады. 350 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Биыл «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында 128 млрд теңге сомасына 576 ауылдық елді мекеннің инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. 2023 жылы 663 ауылдық елді мекенге 140 млрд теңге бөлу жоспарланған.

Мұнай-газ саласы

Теңіз кен орнында 2023 жылы Сағалық қысымды басқару жобасы аяқталады, Қашағанда қуаттылығы 1,1 млрд текше метр газ өңдеу зауытының құрылыс жұмыстары басталды. Қарашығанақта қосымша 3 млрд текше метр газ өңдеу бойынша жоба пысықталуда. Жер қойнауын пайдалану саласындағы күрделі жобалар үшін жетілдірілген



модельдік келісімшарттар енгізілді. Бұл 2023 жылы Қаламқас-Хазар және Қаратон кен орындары бойынша \$9 млрд-ты құрайтын инвестициялық жобаларды бастауға мүмкіндік береді.

Биыл әлемдік өндірушілердің ТОП-10 құрамына кіретін қуаттылығы 500 мың тонна полипропилен өндіретін ірі зауыт іске қосылды. Қуаттылығы жылына 1,2 млн тонна полиэтилен өндіру жобасын әзірлеу қолға алынды. Келесі жылы Атырау облысында жалпы инвестиция сомасы \$1 млрд-ты құрайтын бутадиең және Батыс Қазақстан облысында метанол өндіретін зауыттардың құрылысы басталуы керек. Шымкент мұнай өңдеу зауытының өндірістік қуаттылығын 9 млн тоннаға дейін кеңейтуді базалық жобалау басталады және битум өндірісі 300 мың тоннаға көбейетін болады.

Энергетика

2022 жылы Ақтөбе ЖЭО-да қуаты 57 МВт газ турбиналық қондырғы іске қосылды, жалпы қуаты 385 МВт болатын 12 жаңартылатын энергия көздерінің жобасы іске асырылды, Қуаты 1200 МВт маневрлік генерация жобалары және қуаты 440 МВт жаңартылатын энергия көздерінің жобалары бойынша аукциондық сауда-саттық сәтті өткізілді.

Келесі жылы Атырау және Қарағанды облыстарында 225 МВт жаңа энергия қуаты және жалпы ел бойынша 157 МВт болатын жаңартылатын энергетика бойынша 14 жоба іске қосылады. Өзірленіп жатқан «Тарифті инвестицияларға айырбастау» бағдарламасы электр, жылу және құбыр желілерінің тозуын 20%-дық тармаққа төмендетуге мүмкіндік береді.

Құрылыс

2022 жылы 15 млн шаршы метр тұрғын үй (138 мың тұрғын үй) салынады, 2023–2029 жылдары 111 млн шаршы метр тұрғын үйді (1 млн тұрғын үй) пайдалануға беру жоспарлануда. Республиканың 17 қаласында жаңғырту бағдарламалары қабылданды, бұл алдағы жылдары (2029 жылға қарай) 40 мың үй иелері (1,5 мың үй) тұрғын үй қорын жаңартуға мүмкіндік береді.

Цифрландыру

Пилоттық режимде «Әлеуметтік әмиян» және «Отбасының цифрлық картасы» іске қосылды. Оның шеңберінде мемлекеттік қызметтер көрсету және қолдау шараларын ұсыну үшін 80 критерий бойынша 6 млн отбасына мониторинг жүзеге асырылады. Проактивті форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтер саны 26-ға дейін ұлғайтылды, «цифрлық құжаттардың» 20 түрі іске қосылып, заңдастырылды, пилоттық режимде жер қойнауын пайдаланушылардың «Minerals.gov.kz» бірыңғай платформасы іске қосылды.

2023 жылы облыстық және аудандық маңызы бар қалаларда кен жолақты Интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі жоба іске асырыла бастайды. 723 ауылда (2022 жылы – 367 ауыл) интернет сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылданады, АКТ саласында кемінде 25 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда (2022 жылы – 12 мың). Геологиялық ақпараттың ұлттық деректер банкі өнеркәсіптік пайдалануға беру және Qaztech (бұлтты инфрақұрылым) отандық платформасын жасаудың бірінші кезеңін іске асыру жоспарлануда.

Әлеуметтік сала

Жыл басынан бері 34 мың орындық 325 балабақша ашылды. Нәтижесінде 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту 98%-ды құрады. Сондай-ақ 106 мың оқушыға арналған 201 мектеп ашылды. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2026 жылға дейін 842 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы 400-ден астам жаңа мектеп ашылады. Жалпы, 2025 жылға қарай жастар қатарынан иет білдіргендердің 100%-ы сұранысқа ие мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік біліммен тегін қамтылатын болады.

Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бекітілді. Медициналық жабдықтарды сатып алудың орталықтандырылған тегісі енгізілді және «Биологиялық қауіпсіздік туралы» жаңа заң қабылданды. 2023 жылы онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 3 жылдық кешенді жоспар іске асырыла бастайды.

Биыл ғылымдардың жалақысы 2 есеге ұлғайтылды, ғылыми жабдықтардың 13,7% жаңартылды. Жас ғалымдарды қолдау және ынталандыру үшін 1000-нан астам грант бөлінді, 400-ден астам ғалым әлемдік ғылыми орталықтарға тағылымдамаға жіберілді. Республикамызда сатып алудың шетелдік зерттеу жоғары оқу орындарының филиалы ашылды. Тағы 2 филиалдың ашылуы пысықталуда. 2023 жылы барлық студенттерді әлемдік цифрлық кітапханаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету және студенттер стипендиясының көлемін біртіндеп ұлғайту жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау

2022 жылы мемлекеттің көмегімен 830 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты, оның ішінде 233 мың жастар. 2023 жылы 1 млн-ға жуық адамды жұмыспен қамту көзделуде (250 мыңнан астамы жастар), 4,4 млн-нан астам адам 4,6 трлн теңгеге көтерілген әлеуметтік төлемдерді алады.

Жадыра ҚУДАЙБЕРГЕН

БАСҚОСУ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі және оны практикада қолдану мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ АРТТЫ

Бұл конференция экологиялық заңнаманы құқықтық қолдану мәселесін талқылауға және халықаралық тәжірибені ескере отырып, қазіргі жағдайда құқық қолдану практикасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге арналған. Конференцияны ұйымдастырушы – ҚазҰУ-дың Кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы. Конференцияның жұмысына ТМД елдерінен келген зәңгер ғалымдар, оқытушылар, жас ғалымдар сондай-ақ, Алматы қаласы Республикалық физика-математика мектебінің 10-сынып оқушылары Алдабек Алтынай және Қанат Айнар арнайы қатысып, шетелдік және ұлттық жоғары оқу орындарының студенттері, білім алушылар ат салысты.

Жас ғалымдар секциясында Алматы қаласы Республикалық физика-математика мектебінің 10-сынып оқушылары Алдабек Алтынай және Қанат Айнар PhD докторы доцент Р. Ережепқызының ғылыми жетекшілігімен еліміздегі экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған ғылыми жобалар әзірлеп, жас та болса өз ой-ұсыныстарын беруде. Конференция барысында «Қазақстанда жаңартылатын энергия көздерін қалыптастыру мен дамытудың жалпы мәселелері» тақырыбында тұшымды ұсыныстар мен көзқарастар білдірілді.

З.ғ.д., профессор Е.Дүйсенов конференцияға қатысушылардың назарын қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы ҚР Конституциясының нормаларына аударып, еліміздің негізгі заңын жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстарын баяндады. Әріптесін қолдай отырып, Таллин университетінің профессоры, з.ғ.д. П.Ярвлайд экологияның шекарасы жоқ екенін және экологиялық заңнаманы қолдану мәселелері Эстонияда да өзекті екенін атап өтті. Аталған мәселелердің барлығы бүгінде зерттеу мен тәжірибе алмасуды қажет етеді. Өз кезегінде ҚазҰУ Заң факультетінің деканы профессор Д.Байдельдинов заң ғылымы мен құқықтық практиканың өзара байланысының қажеттілігін атап өтті. Профессор Л. Еркінбаева ҚР Экология кодексінің новеллаларын қарастырып, Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелерін орындау мәселелеріне тоқталды. Конференция аясында сөз сөйлеген ғалымдар өз шешімін талап ететін өзекті экологиялық мәселелерді, экология және табиғатты пайдалану саласындағы ақпараттық қауіпсіздікті, қоршаған ортаны қорғауды құқықтық экономикалық реттеу, реамедикация және т.б. мәселелерді талқылады. Сондай-ақ, елдің қолданыстағы экологиялық заңнамасын жетілдіру және мемлекеттік органдардың экологиялық маңызды шешімдер қабылдау жолдары ұсынылды.



Конференция жұмысына шетелдік ғалымдар да белсене атсалысты. з.ғ.д., Г.Узакова, з.ғ.д., профессор Ш. Файзинов, з.ғ.к. Н. Раджабов Ташкент мемлекеттік заң университеті (Өзбекстан) баяндама жасады. Олар Өзбекстан Республикасының «Экология кодексінің» жобасын, экологиялық нормалауды цифрландыру саласындағы құқықтық шешімдерді және климаттың өзгеруі мәселелерін шешу жолдарын ұсынды. Казан (Приволжский) Федералды университетінің доценті, з.ғ.д., Э. Нигматуллина (Ресей), з.ғ.д., профессор А. Анисимов өз баяндамаларында ТМД елдерінің заңнамасына салыстырмалы талдау жасай отырып, ҚР «Экология кодексінің» бірқатар артықшылықтары мен құқық қолдану практикасындағы ұқсас проблемаларды анықтаған. Беларусь мемлекеттік университетінің өкілдері (Минск қ.), экологиялық және аграрлық құқық кафедрасының доценті, з.ғ.к. О.Мороз экологиялық заңнама мәселелеріне тоқталды.

Конференция тақырыбын талқылауға қоғамдық ұйымдар мен азаматтық қоғам өкілдері де белсенді қатысты. Белгілі қоғам қайраткері, «Жасыл құтқару» экологиялық қоғамының басшысы С.Қуратов Қазақстан Республикасы Экология кодексінің талаптарына қарамастан, кейбір соттардың экологиялық конвенциялардың нормаларын қолданбайтынын атап өтті. Бұл заңсыз шешімдер қабылдауға, жұртшылықтың құқықтарын бұзуға және табиғи ортаны жойылуына ықпал етеді. Сондай-ақ, қатысушылар Каспий өңірінің жекелеген экологиялық проблемаларын және оларды тәжірибеде шешуді қарастырды.

Конференцияны қорытындылай келе, з.ғ.д., профессор Л. Еркінбаева Қазақстандағы экологиялық заңнама мәселелерін қашан да өзектілікке және сұранысқа ие болып қала беретінін атап өтті.

Айман ОМАРОВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Заң факультеті азаматтық құқық және
азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы
кафедрасының доценті, з.ғ.к.,
Айнаш ЕСЕКЕЕВА,
Заң факультетінің 1 курс
докторанты, аға оқытушы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЗАҢДАРДЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУДА ҚОС ПАЛАТАНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құжат негізінде үкіметте Астана, Алматы және Шымкент қалаларының, облыстардың әкімдеріне депутаттар сайлауын ұйымдастыру, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету шараларын қабылдау тапсырылды. Бүгінде осы кезекті саяси науқанға қатысты қоғам тарапынан әртүрлі пікірлер туындап жатыр. Жалпы, бұған дейін де жоғарғы заң шығарушы ұйымның қос палатадан тұруына қатысты да сынды жиі еститінбіз. Бар болғаны 19 миллион халқы бар Қазақстан үшін 160 депутаттың тым көптігі, олардың екі топқа бөлініп бір-бірінің жұмысын қайталап отырғандығы жайлы аз айтылмайды. Жоғарғы

Палата, Сенат артық құрылым, онда тек зейнет жасына жақындаған немесе зейнет жасындағылар депутат болып отыр дейтіндер де бар. Тіпті, сенаторлық қызметтен кетуге мәжбүр болғаны үшін берілетін тақ, яғни жұбаныш сыйлығы деп келемеждеп жатады кейбір замандастар. Енді оған өңірлерден қос-қостан депутат сайлау ақылға сыймайтын, тек қана бюджетке қосымша шығын әкелетін бос әурешілік деп жатыр осы қауым.

«Халық айтса, қалт айтпайды» десек те, қанша адам болса, сонша пікірдің болуы заңды. Сонымен қатар, олардың барлығын нақты жағдайдың бейнесі, ақиқат деуге де болмайды. Сондықтан мәселенің анық-қанығын білу үшін бұл тақырыпты кәсіби деңгейде саралап

жүрген саяси сарапшыларды іздегенбіз. Тілдесудің сәті түскен белгілі саясаттанушы Дәурен Пірімбетов бұл пікірлермен толықтай келіспеді. Оның айтуынша, дамушы ел болғандықтан заң шығарушы ұйымның қос Палатадан болуы өте қажет. Өйткені, заңдар кәсіби деңгейде, жан-жақты зерделеніп, қаралады. Осал тұсы ширатылып, кем-кетігі толтырылады. Мәжілістегі депутаттардың өмірлік тәжірибесі, біліктілігі жете бермейді. Өйткені, олар 25 жастан бастап сайланады. Олар енді-енді саясатқа араласып жатқан болуы мүмкін. Бұл өмірлік тәжірибеден алыс жатқан заңдардың қабылдануына алып келіп жатпасына кім кепіл? Ал, Сенаттағы депутаттардың жасы, тәжірибесі, саяси салмағы жоғары.

Бұл – әлемдік тәжірибе. Дамыған елдердің барлығында заң шығарушы ұйым екі палатадан тұрады. Мысалы Англияда лордтар мен қоғамдастықтардың палатасы бар. Сол секілді Американың Конгресі де екі Палатаға бөлінген. Бұл заңдарды дайындау ісінің барынша сапалы жүруін қамтамасыз ететін жүйе. Сонымен қатар, бізде бірқатар сенаторларды Президент тағайындайды. Бұл Парламент пен атқарушы билік арасындағы балансты сақтауға мүмкіндік береді. Кейбір мәселелерде Президент бір жаққа, халық бір жаққа, Парламент бір жаққа тартса халықтың жағдайы қиындап кетуі мүмкін. Сондықтан Президенттің ұстанымын қолдайтын, тепе-теңдікті сақтайтын топ болу керек. Өйткені, біздегі заң шығару институты толық қалыптаспаған яғни, әлі даму үстінде.

Зейнет жасындағылардың көбірек сайлану үрдісі, депутаттардың тек кол көтеріп қана отыруы, көбіне Президент әкімшілігі, Үкіметтен келген тапсырмалардың орындалуы еліміздің әлі парламенттік мемлекетке айнала алмай отырғанының айғағы. Сонымен қатар, заң шығару ісінде тәуелсіздіктің толық қалыптаспай отырғандығын көрсетеді. Бұған біртіндеп келе жатырмыз. Парламенттің құзыретін арттырсақ, депутаттардың да жауапкершілігі көбейеді. Қазір бізде 17 облыс болды. Өңірдегі халықтың үнін жеткізу үшін олардан екі адам сайлаған дұрыс. Коалиция құрылса да артық болмас еді. Себебі, біздегі

өзекті мәселелердің бәрі аймақтарда туындап жатады ғой. Әсіресе, республикалық маңызы бар қалалар үшін бұл өте қажет.

Келесі респондентіміз – сенатор Әли Бектаев, әрине, бұл пікірді қолдады. Түркістан аймағынан сайланған Бектаев мырза жалпы Сенаттағы депутаттардың негізінен өңірлерден сайланатынына назар аудартты. Мәслихат депутаттары сайлайтын сенаторлар заңдарды қарау барысында өңірлік қағидаттың басым болуына, ондағы халықтың мұң-мұқтажының үнемі ескеріліп отыруына мүдделі болады. Халқымыздың 40 пайызға жуығы ауылда тұрып жатқанын ескерер болсақ, өңірлерге қатысты осындай ұстанымның болуы елдің дамуындағы тепе-теңдікті сақталуын қатамасыз ететін жүйе. Жалпы бір аймақта кемінде 2 миллион адам болса, олардың жоғарғы заң шығарушылық ұйымда екі өкілінің болуы артық та емес, кем де емес. Қазіргі таңда бұған қосымша депутат сайланайын деп жатқан жоқ. Уәкілеттігі біткен сенаторлардың орны толықтырылмас. Бұл тәжірибе барысында өзін ақтаған жүйе. Сенат көбіне қаралған заңдардың олқы тұсын анықтап, кері қайтарып отырады. Заңдардың сапасын арттыру үшін мұндай тиянақтылық, жете зерттеп, зерделеу екі деңгейлі жүйесіз мүмкін емес.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА, «Заң газеті»

ҰСЫНЫС

АҚПАРАТ АЛАҢЫМЫЗ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ ДАЙЫН!

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС «Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттерінде, сондай-ақ, zanmedia.kz сайтында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда 2023 жылғы 14 қаңтарда өтетін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кезекті сайлау бойынша кандидаттарға төмендегі шарттармен өз алаңын ұсынады.

- 2. Басты беттегі 1140x141 баннер (слайддерден төмен) – бір тәулікке 35 000 теңге;
3. Басты бетте оң жақ бағанда орналасқан баннер 1280x1280 пиксель – бір тәулікке 25 000 теңге;
4. Instagram-дағы хабарлама – 20 000 теңге;
5. Telegram-дағы пост – 20 000 теңге;
6. Facebook-тегі хабарлама – 20 000 теңге.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС «Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттері, (бұдан әрі – газет), сондай-ақ, zanmedia.kz сайтының иесі «ҚР сайлау туралы» ҚР 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «ҚР Парламентінің Сенаты депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы» ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы Жарлығына сай өтетін 2023 жылғы 14 қаңтардағы сайлауға қатысатын ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін газет алаңын беру ақысының мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы хабарлар етеді.

Сайлау алдындағы үгіт ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен, яғни 2022 жылғы 24 желтоқсан сағат 18.00-ден басталады және 2023 жылғы 13 қаңтар сағат 00.00-ге дейін жалғасады. Сайлау алдындағы үгіт дауыс беру күніне дейінгі үнсіздік күніне дейін, яғни 2023 жылғы 12 қаңтарды қоса алғанда, газеттің таралымға шығуының соңғы күнімен аяқталады.

Газет иесі мен кандидат арасында немесе кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалған жазбаша шарт негізінде газет алаңын ұсынылады, сондай-ақ, материалдарды сайттарға орналастырады. Кандидаттар немесе олардың уәкілетті өкілдері үгіт материалдарының бекітілген мәтіндерін жариялау жоспарланған күннен кемінде 3 күн бұрын ұсынады.

Газетте баспа алаңын ұсыну үгіт мақалалары мен модульдерін қазақ және орыс тілдерінде орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің газет иесі басшысының атына жазбаша өтініші газет алаңын беру туралы шарт жасасу үшін негіз болып саналады.

Үгіт материалдарын газетке орналастырудың саны мен болжамды күні кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
4) шарт жасасу үшін адамның өкілеттігін растайтын құжаттар.

Кандидаттардың үгіт материалдарын газетке орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгіленеді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте үгіт материалының сұрау салынатын орны бұрын жүгінген басқа кандидатқа берілген немесе техникалық мүмкіндіктері бойынша берілмесе, газет кандидатқа үгіт материалдарын орналастыру үшін өзге орын ұсынады.



Үгіт материалдары газетке газеттің шығарылуының болжамды күнінен 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын мынадай форматта беріледі: қағаз тасығыш, кез келген USB флэш-дискісі.

Үгіт материалдарында олардың төленгені, қаржыландыру көздері, ақпарат берген тұлғаның тегі туралы ақпарат болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы талаптарға сәйкестігі үшін жауапты.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген шарттармен тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарттың талаптары бұзылған жағдайда газетте үгіт материалдарын жариялау жүргізілмейді не бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Газет иесі үгіт материалдарын, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа итермелеу, сондай-ақ, заңнамада көзделмеген әскерлендірілген құрылымдар құру идеялары болса, жариялаудан бас тартады.

Газет иесі ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда үгіт материалдарын жариялаудан бас тартуға құқылы. Кандидат газет иесінің талабы бойынша жоғарыда аталған сипаттағы материалдардағы ақпаратты растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген газет алаңын беру шарттары мен тәртібі ҚР уәкілет-

ті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

ҮГІТ МАТЕРИАЛДАРЫН ГАЗЕТКЕ ОРНАЛАСТЫРУ ҚҰНЫ

«Заң газеті» газетінде (баспа нұсқасы): Тілі – қазақ тілі; Формат – А2; Жілілік – аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма); Апталық таралымы – 11 054 дана.

Таралу аумағы – Республика көлемінде. * ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді кара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 700 (жеті жүз) теңге; * мақаланы сайтта орналастыру 1 (бір) белгі үшін 40 (қырық) теңге.

«Юридическая газета» газеті (баспа нұсқасы):

Тілі – орысша; Формат – А2; Жілілік – аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма); Апталық таралымы – 11 340 дана.

Таралу аумағы – Республика көлемінде. * ҚҚС қоса алғанда, мақаланы немесе модульді кара-ақ нұсқада орналастырудың 1 (бір) шаршы сантиметрі үшін 700 (жеті жүз) теңге; * мақаланы сайтта орналастыру 1 (бір) белгі үшін 40 (қырық) теңге.

zanmedia.kz сайтында, әлеуметтік желілердегі аккаунттарда материалдарды орналастыру құны

1. Баннер 750x562 басты беттегі сыргытпада – бір тәулікке /24 сағат/ 30 000 теңге;

БАННЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ҚАБЫЛДАНАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Орналастыруға дайын баннерлер GIF, JPEG, PNG форматында қабылданады; Баннердің мөлшері 150 Кб-тан аспайды; Анимациялық GIF баннері секундына 5 кадрдан аспайтын жылдамдықпен ойнатылуы керек; Баннердегі кескіндер сапалы және түсінікті болуы керек, түсінікті мәтінмен, бұлыңғыр немесе майланған кескіндерді қолдануға болмайды; Жыпылықтау, жыпылықтайтын фон және басқа тітіркендіргіш әсерлерді қолдануға тыйым салынады.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Instagram жазбаларына қойылатын талаптар: Фотосурет өлшемі – 1350*1080 px (4:5), есептік жазбаның басты бетінде қараған кезде өлшемі – 1080*1080. 10 бірлікке дейінгі фото; Қолтаңбаның максималды ұзындығы – бос орындары бар 2200 таңба; Бейне (Reels): Reels-те бейнені 1 минутқа дейін жүктеуге болады, ұсынылған ажыратымдылық – 1080 × 1920 px (9:16), MP4/MOV форматы. Маңызды – таспадағы рельестер кесілген түрде көрсетіледі: 1920 пиксель 1350 пиксельге дейін кесіледі, ал жалпы шот арнасы 1080*1080 құрайды.

Telegram арнасы мен Facebook-тегі жазбаларға қойылатын талаптар:

Сурет форматы – JPEG, PNG; 2 суретке дейін рұқсат етіледі; Бос орындары бар 1024 таңбаға дейін; Сурет ені – 1280px кем емес; Бейне форматы – MP4, MOV, GIF, өлшемі 20 Мб дейін; Сипаттамаға хэштегті, сыртқы сілтемені қосуға немесе Telegram арнасының ішіндегі кез келген арнаны, чатты немесе пайдаланушыны атап өтуге болады.

Үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған шарт бойынша төлем шот берілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде газет меншік иесі қойған төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Жазбаша өтініштерді газет иесі 2022 жылғы 24 желтоқсанда, сағат 9.00-ден 2023 жылғы 12 қаңтарда сағат 13.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаныш көшесінің бұрышы), №21 каб. мекенжайы бойынша сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылдайды.

Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС

МИНБЕР

САРАП

ЖАҢАРҒАН, ЖАҢҒЫРҒАН ЖҮЙЕ

Егемендіктің арайлы таңын атырып, нұрлы күнін ба- тырып, бейбіт елде алаңсыз өмір сүріп жатқан әр қазақ бақытты. Себебі, тәуелсіздік – біздің баға жетпес бай- лығымыз, Төңірдің берген үлкен сыйы. Санаулы уақыттың ішінде еліміз ұлы өзгерістер мен тың бастамалардың нәтижесінде табысты елге айналып, бүкіл әлемге таныл- ды. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін жаңаша даму жолына түскен саланың бірі – еліміздің сот құрылымы еді. Беймаза шақта сот билігін нығайту бағытында қолға алынған құқықтық реформалар сот жүйесінің ашықтығын арттырып, халықтың сотқа деген сенімін қалыптастырды.

Атап айтсақ, алқабилер инсти- тута, мамандандырылған соттар құрылып, сот беделі арта түсті. Сон- дай-ақ, «Медиация туралы» заң қа- былданып, түрлі дауларды шешудің баламалы әдістерін қолдану жолға қойылды. Осы ретте билер салған сара жол қайта жаңғырып, тараптар арасында туындаған дауды меди- ация тәртібімен судьяның немесе медиатордың көмегімен реттеу, сотта бітімгершілік келісім жасасу өмір- шеңдігін көрсеткенін атап өткен жөн. Мәселен, ағымдағы жылы Маңғыстау облысында татуластырушы судья- лардың белсенді аталысуымен дау- лардың 45,6 пайызы татуласумен, яғни тараптардың өзара келісімге келуіне байланысты 1431 азаматтық іс сотта қысқартылған. Тағы бір айта кетерлігі, дауды соттың кез келген сатысында медиация тәртібімен реттеуге мүмкіндік жасалса, істердің жекеден санаттары бойынша дау- ларды сотқа дейін реттеу міндетті болды. Соңғы он жылда процестік заңдар жаңартылып, Қылмыстық, Қылмыстық процестік кодекстер және Әкімшілік құқықбұзушылық туралы, Азаматтық процестік кодекс күшіне енді. 2018–2021 жылдары 45 заң әзірленіп, көбісі қабылданып, жұмыс істеді.

Сонымен қатар, елімізде әкімшілік әділет институты құрылып, жария- лы-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібі белгіленді. Нәтижесін- де, бір жылдан астам уақыт ішінде әкімшілік соттарға 30 мыңға жуық арыз түсіп, мемлекеттік органдар істердің 60 пайызы бойынша адамдар мен бизнеске ұтылған. Әкімшілік әділет институты құрылғанға дейін олар даулардың 85% ұтып шығатын. Ал, соттардағы сандық технология қашықтан сот отырыстарын өткізіп, сотқа келмей-ақ, талап қою, арыз, өтініш беруге жол ашты. «Қазақстан

Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға тиісті түзе- тулер мен өзгерістер енгізіліп, сот жүйесі және судьялардың тәуелсіздігі нығайды. Сот саласы бес сатыдан үш сатылы сот жүйесіне көшіп, судьяларға деген біліктілік талаптары күшейтілді. Сот актілерінің сапасына қатысты талап жоғарылап, судьялар шығарған шешімдерін тараптарға қарапайым әрі ұғынықты тілде жет- кізуді қолға алды.

Сот отырысы залдары жүз пайыз дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен толық қамтамасыз етіліп, әрбір сот процесі таспаға жазылатын күн- ге жеттік. Келушілерге сервистік қызмет көрсету үшін соттардың 80%-ында жайлы жиһаз, ұйымдасты- ру техникасы, сот отырыстарының тізімі мен талап және басқа да арыз үлгілері жазылған стендтермен жаб- дықталған, интернетке қолжетімділік қамтамасыз етілген фронт-кеңселер ашылған. Мұнда ақпарат орталығы, өзіне-өзі қызмет көрсету орны, күту залы, медиатор мен адвокат кабинет- тері де бар.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет екенін айтып, «Біздің бүгінгі бас- тамаларымыз Қазақстанның бола- шағын айқындайды», – деген еді. Қо- рыға айтсақ, сот жүйесін реформалау алдағы уақытта да жалғаса бермек. Себебі, тәуелсіз соттар – ел келген заманауи, демократиялық елдің тірегі саналады. Сондықтан, біздің мақсат – адам, қоғам, мемлекет, сот мүддесіне қатысты қолға алынған реформалар- ды жүзеге асыруға үлес қою.

Рахымжан БЕЙСЕНОВ,
Ақтау қалалық №2 сотының
төрағасы

ПӘРМЕН

ЖАСӨСПІРІМДЕР ЕҢБЕГІ ҚОРҒАЛАДЫ

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының қағи- даттары адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқығы- ның шектелуіне жол бермеу, еңбек бостандығы, еңбек саласындағы кемсітушілікке, мәжбүрлі еңбекке және балалар еңбегінің ең нашар түріне тыйым салу, қауіпсіздік және гигиена талаптарына сай келетін еңбек жағдайла- рын құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған.

Сонымен бірге, жұмыскердің өмірі мен денсаулығының басымдығы, еңбегі үшін жалақының ең төмен мөлшерінен кем емес сыйақы құқығын, тынығу құқығын қамтамасыз ету, жұмыскерлердің құқығы мен мүмкіндігінің теңдігі, жұмыскерлер мен жұмыс берушілердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін бірігу құқығын қамтамасыз етуі де басты назарда. Бұдан бөлек, әлеуметтік әріптестікті нығайтуда және дамытуда мемлекеттің ықпалы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу де еңбек заңнамасының басты қағидаты саналады.

Еңбек шартын жасасу кезінде құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігін бұзуға тыйым салынады. Жүктелілік, үш жасқа дейінгі баланың болуы, кәмелетке тол- мағандық, мүгедектік еңбек шартын жасау құқығын шектемейді.

Он алты жасқа толған азаматтармен еңбек шартын жасасуға жол беріледі. Еңбек шарты: 1) орта білім беру ұйымында негізгі орта, жалпы орта білім алған жағдайларда, он бес жасқа толған азаматтармен; 2) оқудан бос уақыт- та, денсаулығына зиян келтірмейтін және оқу процесін бұзбайтын жұмысты орындау үшін он төрт жасқа толған оқушылармен; 3) кинематография ұйым- дарында, театрларда, театр және концерт ұйымдарында, цирктерде денсау- лығына және имандылық тұрғысынан дамуына нұқсан келтірмей, шығарма- лар жасауға және орындауға қатысу үшін осы тармақтың 2) тармақшасында айқындалған талаптарды сақтай отырып, он төрт жасқа толмаған адамдармен еңбек шарты жасалуы мүмкін.

Еңбек шартына кәмелетке толмаған адаммен қатар оның ата-анасының біреуі, қорғаншысы, қамқоршысы немесе асырап алушысы қол қоюға тиіс.

Арай ИСМАГУЛОВА,
Мемлекеттік еңбек инспекторы

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 2021 жылғы 1 шіл- деден бастап қолданысқа енгізілді. Бұл құжатпен реттелетін қатынастардың қатысушылары мемлекеттік органдар, әкімшілік органдар, лауазымды адамдар және жеке, заңды тұлғалар болып табылады.

СОТ ТАЛАБЫН ОРЫНДАМАҒАНДАРҒА ЖАЗА БАР



А.ШАРХАНОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

Әкімшілік сот ісін жүргізудің мін- деті – жария құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалар- дың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына кел- тіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу ӘРПК-нің 2-тарауында баяндалған қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Аталған тарауда белгілен- ген әкімшілік рәсімдердің қағидаттары түпкілікті болып табылмайды және құқықтың басқа да қағидаттарын қолдануға кедергі болмайды. Азаматтық сот ісін жүргізу қағидаттары, егер бұл осы тарауда баяндалған қағидаттарға қайшы келмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде де қолданылады.

Әкімшілік рәсімнің міндеттері мына- лар: жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру; жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу; тиімді және бұқпесіз мемле- кеттік басқаруды, яғни, адамдардың басқару шешімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету және жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту.

Азаматтық, қылмыстық және әкім- шілік құқықбұзушылық сот жүргізуде белгілі бір ортақ қағидаттар негізінде – сот төрелігі жүргізіледі. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс бойынша жаңашыл қағидаттарға бөлек көңіл аударып, осы жаңашыл қағидаттарды зерделеп шығайық.

Әкімшілік рәсімдік-процестік ко- дексінде қарастырылған қағидаттар арасында мыналарды атап өту қажет:

Біріншіден, мөлшерлестік қағида- ты, яғни әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік қалауды жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы мен қоғам мүдделерінің әділ теңгерімін қамтамасыз етеді. Бұл ретте әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) мөлшерлес, яғни жарамды, қажетті және пропорциялы болуға тиіс. Егер әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әре- кетсіздік) ел заңдарында белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін қолайлы болса, жарамды деп есептеледі. Ал әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекет- сіздік) әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын, бостандығы мен заңды мүд- десін барынша аз дәрежеде шектейтін болса, қажетті деп есептеледі. Егер әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын, бостандығы мен заңды мүд- десін шектеу нәтижесінде алынған қоғамдық игілік осы шектеулер келтірген зиян- нан көп болса, әкімшілік акт, әкімшілік әрекет пропорци- ялы деп есептеледі.

Екіншіден, құқықтар- дың басымдығы. Еліміздің әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасындағы барлық

күмәндар, қайшылықтар мен көме- скіліктер әкімшілік рәсімге қатысушы- ның пайдасына түсіндіріледі.

Үшіншіден, сенім құқығын қорғау, яғни әкімшілік рәсімге қатысушы- ның әкімшілік органның, лауазымды адамның қызметіне сенімі Республика заңдарында қорғалады. Әкімшілік орган, лауазымды адам немесе сот еліміздің заңнамасына сәйкес теріс деп белгілемейінше, әкімшілік акті, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) заңды және негізді деп есептеледі.

Әкімшілік органның, лауазымды адамның кінәсінен қабылданған заңсыз әкімшілік акт, сондай-ақ әкімшілік ор- ганның, лауазымды адамның кінәсінен жасалған заңсыз әкімшілік әрекет (әре- кетсіздік) әкімшілік рәсімге қатысушы үшін ауыртпалық салатын салдарға алып келмейді. Сенім құқығы заңсыз әрекеттер жасауға (әрекетсіздік таны- туға) негіз бола алмайды.

Төртіншіден, формальды талап- тарды теріс пайдалануға тыйым салу, әкімшілік органның, лауазымды адам- ның әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартуына, шектеуіне, тоқтатуына, сондай-ақ елдің заңнамасында белгіленбеген талаптар- ды сақтау мақсатында міндет жүктеуіне тыйым салынады.

Бесіншіден, анықтық презумпциясы, әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған материалдар, объектілер, құжаттар мен мәліметтер әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі. Материалдардың, объ- ектілердің, құжаттар мен мәліметтердің толыққандылығына (подлинность) күмән болған кезде әкімшілік орган, лауа- зымды адам олардың толыққандылығын өзі дербес тексеруге міндетті. Аталған кодексте сенім құқығын қорғау қағида- тына ерекше мән берілген.

Аталған қағидаттың мәніне келетін болсақ, егер әкімшілік рәсімге қаты- сушы оның мүддесін қанағаттанды- ратын және көздеген мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін қолайлы акт алса, қабылданған шешім түпкілік- ті болып табылады және болашақта өзгертуге жатпайды деп пайымдауға құқылы. Қатысушы әкімшілік орган актінің шығару кезінде қатысушы мен мемлекет мүдделерінің теңгерімін ескеріп, заңдарға сәйкес әрекет етті деп есептеуге құқылы.

Өкінішке қарай, бүгінгі таңда билік өкілеттіктері берілген белгілі бір орган қабылданған шешімі бар тұлғаларда мұндай кепілдік жоқ. Өйткені, бұрын қабылданған шешім бойынша ұстаным өзгеріп, сол органның шешімінің күшін жою мүмкіндігі бар. Бұл ретте, ӘРПК осындай қағидатты бекіте отырып, процеске қатысушының әкімшілік ор- ганға сенім білдіру құқығын қорғауды қамтамасыз етеді. Атап айтқанда, заң- сыз қолайлы әкімшілік актінің күшін жою туралы мәселені шешу кезінде осы қағидат ескеріледі.

Сонымен бірге, кодекстегі жаңа- дан енгізіліп отырған қағидат бар, ол – соттың белсенді рөлі (16-бап). Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың бел- сенді рөлі негізінде жүзеге асырылады. Сот әкімшілік процеске қатысушылар- дың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалда-

рымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік ко- дексінің 1-бабы 3-бөлігіне сәйкес, егер

осы кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің ережелері қолданылады. Бұл құжатта 17 қағидат қаралған, оның ішінде аталған қағидат жоқ, бұл қағидат жоғарыда аталып өткендей жаңадан енгізілген.

Азаматтық процестік кодекстің 73-бабында көрсетілгендей, тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады, Іске қатысатын тарап- тар мен басқа да тұлғалар үшін дәлел- демелерді беру қиын болған жағдайда, бірінші сатыдағы сот олардың өтініш- хаты бойынша оларға дәлелдемелерді талап етіп алдыруға жәрдем көрсетеді.

Ал, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 16-бабында көрсетілген Сот- тың белсенді рөлі қағидаты бойынша – сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша мате- риалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Осы қағи- датты жүзеге асыру барысындағы басты ерекшелік, бұл – судья әкімшілік істің нақты және (немесе) заңды тұстары- на жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру, жария- құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу және дауды заң нормаларына сәйкес әділ, бейтарап және уақытылы шешу мақсатында, сот үшін осы қағи- дат – әкімшілік істі жан-жақты зерттеу үшін тараптардың өтініштері мен ұсы- ныстары негізінде және де өз бастама- сымен қажетті дәлелдемелерді тиісті мемлекеттік органдардан, жеке немесе заңды тұлғалардан сұрау салып, алды- руға, қажетті мәліметтерді жинақтауға үлкен мүмкіндік береді. Сонымен бір- ге, сотта қарастырылатын даулардың санын азайту, оларды шешудің бала- ма түрін, соның ішінде татуластыру рәсімі мен медиациялық келісімге келу арқылы екі тарап арасындағы дауларды шешуге ерекше көңіл бөлінуде.

Әкімшілік іс жүргізу барысында сотта осы қағидатты қолдану арқылы, судья әкімшілік істің нақты және (неме- се) заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша іске қатысушы тараптарға өзінің алдын ала құқықтық пікірін түсіндіріп, екі тарап арасындағы дауды оңтайлы шешу мүмкіндігін қарастырады.

Келесі қағидат, ол – сот актілерінің міндеттілігі (18-бап - Обязательность судебных актов). Бірінші сатыдағы сот әкімшілік істер бойынша сот актілерін шешімдер және ұйғарымдар нысанында қабылдайды. Апелляциялық, кассация- лық сатылардағы соттар сот актілерін қаулылар және ұйғарымдар нысанында қабылдайды. Заңды күшіне енген сот актілері, сондай-ақ соттар мен судья- лардың сот төрелігін іске асыру кезінде- гі өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары, сұрау салулары мен басқа да жолданымдары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар, лауазымды адамдар, жеке тұлғалар үшін міндетті және Қазақстан Республи- касының бүкіл аумағында орындалуға жатады.

Сот актілерін, сол сияқты сот талаптарын орындамау осы кодексте көзделген про- цестік мәжбүрлеу шараларын қолдануға және заңда көз- делген жауаптылыққа алып келеді. Сот актілерін сот түп- кілікті дайын болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде әкімшілік процестің тараптарына жібереді.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұрын жоспарлы экономика аясында республикалар бір шаңырақ астында қоян-қолтық жұмыс істеген еді. Ал олардың бәрі өз алдына дербес елге айналған соң әрқайсысы өз жағдайын күйтеуге кірісті. Бір-біріміздің қажетімізге жарап жатқан экономикалық байланыстардың үзілуі тауар тапшылығын тудыра бастады. Бұрынғыдай олармен ауыл шаруашылығына қажет жанар-жағармай, техника жайында шартқа отырайын десең, көңілде күдік тұрады. Ақшасы төленген тауарларды алатынымызға сене алмай, екіұдай күй кештік. Рубль аймағынан шығып, өзіміздің теңгемізге ауысқан сәтте кейбір замандастардың жинаған қаржысы қағаз болып қалды. Мысалы, менің жүргізушімнің есепшотындағы сол кезде 5-6 Нива алуға болатын 50 мың рубль тиын болып қалды.

Қуаныштысы сол, халық мұны дұрыс түсінді. Тәуелсіздіктің еркін ел болудың маңызын бағалай біліп, қиын сәтте көшелілік танытты. Бұл біз секілді басшылар үшін үлкен сын болды.

Ғұмар ДҮЙСЕМБАЕВ,
Парламент Сенатының депутаты



Солай болды да. Осы құрылымдардың арқасында қаржылық айналым артып, кәсіпкерлердің де бірқатар жобалары іске асып жатыр. Әрине, алаңдататын мәселелер бар. Оның себептері әр алуан. Өз басым мұны белгілі деңгейде тағы да мамандарымыздың тәжірибесіздігінің, кәсіпкерлердің заңдылықты білмеуінің, біліксіздігінің салдары деп білемін. Кәсіпкерлер өз идеясын дұрыс ұсынып, сауатты түрде қорғай алуы керек. Ресейдің мүддесі алға шығып кете беруі ондағы мамандардың алымдылығынан деп ойлаймын. Рас, бұл елдің империялық, шовинистік пиғылының да ықпалы бар. Кейде сәл нәрсені сылтау етіп, тауарларымызды кеденнен өткізбей тастайтынын естіп отырмыз. Өткенде кәсіпкерлердің ет үшін апарған сиырларын жағып жіберіпті. Осындай мәселелерді екі жақты келісіммен шешуге тиіс үкіметаралық ұйым құрылған. Алайда, оның тарапынан пәрменділік байқалмай отыр. Бұл жерде, меніңше, біздің мамандардың тағы сол біліктілігі, білімі, батылдығы керек. Жуырда Премьер-Министр, облыс әкімі сынды жауапты қызметтерді атқарған, тәжірибесі мол маман – Бақытжан Сағынтаев Еуразиялық экономикалық комиссия

– Алдымен экономика, одан соң саясат дедік. Ендігі бағыт қалай болмақ?

– Меніңше, екеуі де тең деңгейде жүру керек. Экономика баяу жүріп жатса саясат та жүрмейді. Мемлекеттің жағдайы төмен болса, тынышымыз кетіп тұрса бізбен кім әріптес болады? Қай инвестор келеді? Сондықтан саясат пен экономика тең жүріп, бір-біріне дем беріп отыру керек.

– Тәуелсіз ел болсақ та іс жүзінде тіліміз босағада тұр. Отыз жылда мемлекеттік тілде 2 заң қабылданыпты. Қазақ тілі басқаны айтпағанда Парламенттің де төріне шыға алмай тұр...

– Негізі мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Орыс тілі ұлттаралық қатынас тілі ретінде қолданылады. Қазақ тілінде тек 2 заң дайындалды деген жаңсақ пікір. Зандар Парламентке қазақ және орыс тілдерінде келеді. Депутаттардың дені өз сауалдарын қазақ тілінде жасап, пікірлерін, ұсыныстарын қазақ тілінде білдіреді. Жалпы, Жоғарғы палата корпусында қазақ тілін үйренуге деген құлшыныс зор. Сенатта тіл үйрмесі жұмыс істейді. Оған қатысып, мемлекеттік тілде сөйлеуге машықтанып қалған әріптестеріміз аз емес. Қуаныштысы сол, басқа ұлт өкілдері арасынан мемлекеттік тілді үйренуге деген ықылас ерекше.

Әрине, тілге қатысты мәселе барын жоққа шығара алмаймыз. Оны бір жола шешу де оңай емес. Себебі, бір ғасырға жуық орыс елінің боданында болдық. Одақтың кезінде тың игеру деген желеумен жерімізге өзге ұлттар қоныстандырылды. Бауырмал, қонақжай халқымыз солардың бәрін қабылдап алды. Мен өзім орыс ауылында өстім. Жазу елу үйдің небары он шақтысы ғана қазақ отбасы еді. Бұл біздің өмір салтымызға, ұстанымымызға өз әсерін тигізді. Орыс тілін білмесең өмір сүре алмайсың дейтін түсінік қалыптасты. Кезінде өзіміздің өкеміз де орыс тілін білсең ғана адам боласың деп, орысша сөйлей алуымызды кәдімгідей талап етіп, қадағалады. Ол кісіні және осылай еткен барша қандастарымызды қалай кінәлейміз? Өйткені, заман солай болды.

Қазір енді тәуелсіздік алған кезімізден бастап бәрі өзгерді. Мемлекеттік тілге деген көзқарас та, ықылас та жоғары. Жастардың дені қазақша сөйлейді. Балаларын да мемлекеттік тілде оқытқысы келеді. Қазір еліміздегі қазактардың үлесі 70 пайызға жетті. Бірақ солай екен деп, отыз пайыз өзге ұлттардың мүддесіне көз жұма алмаймыз. Елшімізге қысым жасауға болмайды. Олар да Қазақстанның азаматы. Әлемдік саясатқа да қарауымыз керек. Сәл нәрседен от тұтанып кетсе, оның зардабы халыққа тиеді. Мұны іргеміздігі көршілердің өмірінен көріп отырмыз. Мысалы Украинадағы жағдайдың ушығуына осы тіл мәселесі де себеп болғанын естен шығармауымыз керек. Десе де, біртіндеп мемлекеттік тілдің қолданылу аясы кеңіп келе жатыр. Осылайша реттеледі деп ойлаймын. Ең бастысы тағы да айтамын, елдің тұтастығы, қауыпсіздігі керек.

– Тәуелсіздігімізді нығайту үшін не істеу керек?

– Әркім өз саласында жақсы жұмыс істеу керек. Жастарды оқыту керек. Қазір кейбір басшылықта жүргендер, министрлер – қаланың ішінен шықпаған азаматтар. Аймақтың қай жерде екенін білмейді. Кезінде мамандар қызметін төменнен бастап, қабілетіне қарай мансап баспалдағымен көтерілетін. Қазір «Болашақпен» бітіріп келгендер бірден осылай болады. Бүгінгі қиындықтар – асындай тәжірибесіз мамандардың жіберген қателіктерінің салдары. Зандар сапалы болу керек. Өкінішке қарай, Парламентке түсіп жатқан заңдардың көбі шикі. Кейбір көшірме. Үкімет білікті мамандардан жасақталмаса, бұл үрдіс жойылмайды. Сондықтан кадр таңдау ісіне үлкен жауапкершілікпен қарай білуіміз керек.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

«ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – ЕЛ ІРГЕСІНІҢ БЕРІКТІГІ»

Біз қалайда халықты тарықтырмауды ойлап, барлық ресурстарды пайдалануға тырыстық. Есімде сол кезде тапшылыққа айналған сұйық май шығару үшін Орынбордан қыштың тұқымын әкеліп, өсірдік. Қарақұмық, қызылша егіп, олардың өнімін халыққа тараттық. Сол кезде егін өте бітік шығып, наннан таршылық болмады. Осыған шүкір дедік. Осылайша тәуелсіздікті алған жылдар қарқынды еңбекке толы болды. Қиындықтар бәрімізді шынғады. Егемендіктің қуанышы, жеңісі баршамызға күш беріп алға ұмтылдырған, үмітке, сенімге толы ерекше сәттер еді. Қазіргі таңда сол сезімдердің алдамағанын көріп отырмыз.

– Тәуелсіз ел ретінде ең басты жетістігіміз не деп ойлайсыз?

– Жетістігіміз әлем Қазақстанды бағалап, тәуелсіз мемлекет ретінде таныды. Шекарасы шегенделіп, халықаралық деңгейде мойындалған өз территориямыз бар. Дүние жүзінде қаншама елге өз жерінің болуы орындалмас арманға айналып отыр. Мысалы, күрдтер, ұйғырлардың әлі күнге табан тірер мекені жоқ. Бүгінде шекарасы дер кезінде айқындалмаған қаншама ел өзара қырқыпшық болып жатқанын көріп отырмыз. Мысалы тәжік, қырғыз бен өзбектер арасында осындай тартыстар болып жатыр. Шекараға қатысты мәселені дер кезінде реттеудің арқасында мұндай қиындықтардан аман қалдық. Егемендігімізді айқындайтын Көкбайрағымыз қандай сәтте де дербес ел екенімізді айқындайтын айбынымыз. Осының бәрі бағалай білсек, үлкен құндылық. Ел болып еңсестік, ұлы мұрат жолында бірігудің мызғымас кепілдігі.

– Десе де, әрекетіміз тәуелсіздікке сай болмаған сияқты. Соның салдарынан міне отыз жыл болса да әлемдік нарыққа ұялмай ұсынатын, өзіміздікі деп ауыз толтыра айтпаны өніміміз жоқ. Осының себебі неде?

– Әрине, қателіктер, кемшіліктер көп. Қайта сайланған Президентіміз бұл жөнінде ашық айтып жатыр. Солардың бірі олигополияға қатысты көп мәселенің беті ашылып, нақты шаралар қабылданып жатқанын көріп отырмыз. Осындай жағдайлар экономикамызға өз ықпалын тигізгенін жоққа шығармаймыз. Негізі үкімет тарапынан жақсы бастамалар көтеріліп, тиімді жобалар жасалды. Солардың негізінде көптеген бағдарлама қабылданып, іске де

қосылды. Бірақ олардың бәрі бірдей ойдағыдай нәтиже бермеді. Мүлде іске қосылмағандары, бастала сала тұрып қалғандары да аз емес. Меніңше мұның бәрі кәсіпкерлерге қажетті қаржылық қолдаудың жасалмауының салдары. Сол секілді, бақылаудың әлсіздігінің де әсері аз емес. Кәсіпкерлердің өз мүмкіндігін, әлеуетін дұрыс сараламауы, нарықты толық зерттемеуі де себеп.

Шынында да өзіміздің отандық өнім жоқ, сыртқа тек шикізат тауымен келеміз. Экспортқа негізделген мұнай мен газ шығарамыз. Атыраудағы пропилен өндіретін мұнай-химиялық кешенді жиырма жыл бойы салдық. Бұл да алдын ала талдау жасамаудың салдары. Негізінде бұл зауыттың шығарып жатқан өнімінің көлемі Түркіменстан, Әзірбайжан, Өзбекстан шығарып жатқан пропилен көлемінен артық. Ай сайын 500 мың тонна шығарады. Бұл мультипликативтік тиімділігі бар жақсы көрсеткіш. Басқа өнімдерді де шығаруға болады. Алайда, осының бәрі уақытында дұрыс зерделеп жобаламау салдарынан кеш жүзеге асып жатыр. Дегенмен, бұған да шүкір дейміз. Бүгінде өндірістен тек мұнай саласы ғана алда тұр. Мемлекет басшысы осының бәріне назар аударып, отандық өндірісті дамытуға қатысты нақты міндеттер белгіледі. Олар жүзеге асса бұл саладағы жетістіктер көп кешікпейді деп ойлаймыз.

– Тәуелсіздік жылдары Қазақстанға 350 млрд доллар тікелей шетелдік инвестиция тартылғаны мақтанышымен айтылады. Негізінде бұл инвестиция өндірістерге жаңа технология әкеліп, отандық өнімдерді арттыру керек еді. Сол арқылы елдің де әлеуеттік жағдайы көтерілуі керек болатын. Өкінішке орай, керісінше жағдай қалыптасты. Соның салдарынан қайтар оқиғасы болды. Неген қателестік?

– Инвестиция ең алдымен мұнай саласына келді. Негізі осы шетелдің көмегінің арқасында экономиканы ұстап қалдық. Иә, қателіктер кетті. Шарттарымызда елдің мүддесіне қатысты ұстанымдарымыз әлсіз болды. Бірақ ол кезде біздің тәжірибеміз аз еді ғой. Білім де жеткіліксіз-тін. Біз үшін басты мақсат – өндірісті сақтап қалып, экономиканы тұрлатпау болды. Сол кезде инвестиция келмегенде елдің жағдайының қалай боларын кім білсін?

Осы қаржы бізге жұмыс орындарын ашып, барын сақтап, салықтың уақытында төленіп, бюджет кірісінің болуын қамтамасыз етті. Соның арқасында еңбеккерлердің жалақысын, зейнеткерлердің зейнетақысын, балалардың жәрдемақысын бердік. Өндірістерге жаңа технология келіп, қазақстандық мамандардың қалыптасуына мүмкіндік туды. Бүгінде енді қиындықтардың бәрі артта қалып, өз қолымыз өз аузымызға жетті. Сондықтан бұрынғы шарттарды қайта қарап, кезінде асығыстықпен, мәжбүрлікпен жіберілген оқпалықтар жойылу керек. Мен мұны құзырлы орын басшыларына үнемі айтамын. Ол келісімшарттар Құран емес, олардағы талаптар, міндеттемелер елдің мүддесіне сай, заман ағымына орай өзгертілуі керек. Мемлекет басшысының жанында шетелдік инвесторлар кеңесі бар. Сол жерде олардың басын қосып, ұсыныстар беруіміз қажет. Әрине, барлық талаптарды, міндеттемелерді түбегейлі өзгертіп тастасақ, инвесторларды шошытып аламыз. Бұларға сенім жоқ, бүгін айтқан сөзін ертең қайтып алады деп, іргесін аулақ сала бастауы мүмкін. Сондықтан бұл мәселеде жағдайды барынша зерделеп, екі жаққа да тиімді, оңтайлы шараларды айқындау маңызды. Қазіргі таңда бұған мамандардың біліктілігі жетеді деп ойлаймын.

Жалпы, жекелеген өндірістер бойынша қайта қаралған шарттар бар. Соның бірі Қарашығанак мұнай кеніші бойынша сол өңірде Бақтықожа Измұханбетов әкім болып тұрған кезде әлеуметтік салаға бөлінетін 10 миллион доллар 20 миллионға өсірілді. Одан соң Алтай Күлгінов оны 30 миллион долларға арттырды. Негізі осындай қадамдар жасалып, шетелдік инвестицияның тиімділігін барынша арттыру керек.

– Тәуелсіздіктің бір жемісі ретінде экономикалық одақтас-тықтар айтылады. Алайда, осы ұйымдар тәуелсіздікке емес, тәуелділікке апару жатқандай. Еуразиялық экономикалық одақтас-тық, кедендік одақ отандық өнімдеріміздің адымын аштырмай тұрған сияқты. Мәселен, Ресейде біздің тауарлардың саудаға түсуі қиын. Ал, бізде бұл елдің өнімдері дүкен сөрелерінде еш кедергісіз самсап тұр...

– Бұл ұйымдарға алдымыздан нарық ашылады, салықтық жеңілдіктерге ие боламыз деген үмітпен қосылдық.

алқасының министрі болып тағайындалды. Сағынтаев мырза одақ шеңберінде елдің мүддесіне сай шешімдер қабылданып, жүзеге асуына ықпал ете алады. Бұған оның ерік-жігері, іскерлік шеберлігі, беделі жетеді деп ойлаймын. Оны бәрі таниды. Қарым-қабілетін біледі. Мұндай маман қазіргі таңда елге де керек. Бірақ Мемлекет басшысы аталмыш ұйымға әдейі жіберіп отырған сияқты. Өйткені, бұл ұйымдар жұмысы дұрыс жолға қойылса, экономикалық тұрғыдағы көптеген мәселелер оңынан шешіледі.

– Сайлау өтісімен Мемлекет басшысы Ресейге барды. Осы оқиға қазнетте үлкен пікірталас тудырды.

– Бұл оқиға басы артық сұрақ тудырмауы тиіс. Мәселе, бәріне айқын. Шындығында алпауыт елдермен тату болуымыз керек. Дипломатияда паритет деген ұғым бар. Тоқаев мырза кәсіби дипломат қой. Ол кісі бұл мәселенің қыр-сырын өте жақсы біледі. Ол референдумнан кейін Қытайға барды. Сайлаудан соң Ресейде болды. Одан соң осы Ресей Президентіне қарсы Макронмен кездесті. Көпвекторлы саясаттың мәні – ешбір елмен қарым-қатынасты бұзбай, сенімді әріптестік орнатып, дамуың бітігін бағындыру. Сондықтан бұл тұрғыда алып-қашты әңгімені гүлетпей, мәселенің байыбына бара білуіміз керек. Елдегі тыныштық, аумақтың тұтастығы, мемлекеттік қауыпсіздік қашанда бірінші орында тұру керек.

– Түркі тілдес елдерге неге арқа сүйеміз?

– Бауырлас түркі елдері басшыларымен де кездесулер болды. Түркияның Президенті де келіп кетті. Үлкен саясатты екінің бірі түсіне бермейді. Негізінде тағы да айтамын, көршілердің шамына тиіп, олардың ойына күдік тудырмау керек. Әр сапардың өзіндік миссиясы бар. Қайсы ел болса да саясаттағы үйлесімді, тепе-теңдікті сақтауды көздейді. Қытай елі бізді әріптес ретінде танып, әрдайым қолдауға ниетін танытты. Түркия елі бізді ешкімнің басынуына жол бермейтіндігін білдірді. Бізге енді ешкім баса көктеп кіре алмайды?! Сосын мына шетел компанияларының келгені де үлкен саясаттың жолы. Ірі мемлекеттер өздерінің ақшалары, өндірістері осында болғандықтан, біздің қауыпсіздігімізге мүдделі болып, қорғауға, қолдауға әзір тұрады.

ПІКІР

Заң – мемлекет белгілеген бүкіл нормативтік құқықтық актілер, жалпы бірдей міндетті ережелер. Зандар қоғамдағы тәртіп пен теңдікті орнатады.

Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бас иген адам құл болмайды» дегендей, заңға бағынғандар да зардап шекпейді. Сондықтан, әр адамның және жалпы қоғамның басты міндеті – заңға бағыну. Егер заңдар болмаса, қоғамда тәртіпсіздік пен басыздық орын алатын еді.

ЗАҢ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

Өркениетті елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, 1995 жылғы жалпыхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыздың әрбір бабы ежелден еркіндікті аңсаған еліміз үшін аса құнды. Ол адамға не үшін қажет? Зандардың арқасында адамдар өздерін әдептілік шеңберінде ұстап, құқық бұзу әрекеттерін жасамауға тырысады. Бұл нормативтік құқықтық актілер қоғамда маңызды рөл атқарады. Онсыз өмірімізді елестету мүмкін емес. Зандар болмаған жағдайда, біз қорғаусыз қалып, өзіміздің және жақындарымыздың бола-

шағына үреймен қарайтын едік. Өзіміз білетіндей, Конституция мемлекетіміздің негізгі заңы. Конституцияда адамның негізгі құқықтары мен міндеттері нақты көрсетілген. Азаматтарға оларды білген жөн, себебі, оның көмегімен сіз өзіңізді кез келген жағдайда қорғай аласыз.

Әрбір адамның өз құқығын бес саусағындай жақсы білуі, қоғамда болып жатқан әрекеттердің заңға қарама-қайшылығын немесе сәйкестігін сараптап алуы оның құқықтық сауаттылығымен тікелей байланысты. Азаматтардың басым көпшілігі

өз құқығын жете білмесе де, оны білуге аса қызығушылық танытпауда.

Заман ағымына сай заңдарға да өзгерістер енгізіліп тұрады. Адамдар уақыт ағымынан қалмай, қатар жүруге үйренуі тиіс. Себебі, өз құқығы мен заңды жетік білу жауаптылықты арттырады. Әрине, барлық адамның заң баптарын жаңылмай білуі шарт емес. Десек те, құқықтық-заңдық сауаттың тым төмен болуы талай бас ауыртыр мәселемен бетпе-бет жүздестіруі мүмкін.

Алмагүл ДУСИМОВА,
Жаңаөзен қалалық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

НАРЫҚ

ТАРАЗЫ ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ ЕМЕС

Тұтынушылар арасында әлі күнге дейін механикалық таразыға қарағанда электронды таразы дәл өлшеуге кепілдік береді деген пікір басым. Алайда бұл әрдайым шындыққа сәйкес келе бермейді.

Қазір қандай базарға барсаңыз да Қытайда жасалған электрондық сауда таразылары жаппай қолданылады. Олар көп жағдайда ҚР Мемлекеттік өлшем жүйесінің тізіліміне енгізілмеген және сатушылардың алаяқтық операцияларды жасауының негізгі құралы болып табылады. Оны Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті де жоққа шығармайды. Егер барлық жерде өлшеу техникасын қолданудың мемлекет белгілеген ережелері қатаң сақталса мұндай жағдай орын алмас еді. Өкінішке қарай, тұтынушылардың бәрі бірдей өз құқығын біле бермейді.

Жалпы, саудада қолданылатын таразыларға метрологиялық (техникалық) және сауда-пайдалану талаптары қойылады. «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» заңға сәйкес Қазақстан аумағына өткізу мақсатында өндірілген немесе әкелінген барлық өлшеу аспаптары сынауға жатады. Сынақтардан кейін осы өлшеу құралдарының түрі бекітіледі. Бұл мемлекеттік метрологиялық қызмет органдары жүргізетін стандартты процедура және бұл процедура өлшеу құралының қолдануға жарамдылығын немесе жарамсыздығын анықтауға мүмкіндік береді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей, базарлардың, тіпті дүкендер мен супермаркеттердің сөрелерінде тексеруден өтпеген таразылар бар, мемлекеттік тізілімге ен-

гізілмегендер де. Сондықтан мамандар базар/дүкендерде сатып алу кезінде не нәрсеге назар аудару керектігін және алданудан қалай қорғануға болатынын жұртшылықтың есіне салады.

Барлық таразыларда зауыттық және түгендеу нөмірлері, жарамдылық мерзімі аяқталмаған тексеруді растайтын жақсы көрінетін жапсырма (зат-белгі) болуы керек. Таразылардың көрінетін жерінде өндіруші компания көрсетілген және зауыттық нөмірі, таразы шығарылған жылы, тексеру бөлімінің бағасы және тағы басқалар көрсетілген ақпарат болуы керек. Егер таразыда мұндай тақта болмаса немесе затбелгі болмаса, сатып алушыларға мұндай таразыда өнімді өлшеуден аулақ болу ұсынылады. Сондай-ақ, мұндай заңбұзушылық туралы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің аумақтық департаменттеріне хабарлау қажет. Егер олар бұған салғырттық танытпай, шағымданса жосықсыз сатушы жазаланады. Тауарларды өткізу кезінде сауда қызметкерлері, кәсіпкерлік қызмет субъектілері тұтынушыны алдаған болса Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 419-бабы 1-бөлігі бойынша айыппұл түрінде жауапкершілік көзделген.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

БІТІМ

МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМ ТАРАПТАР ЖЕҢІСІ



Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың тапсырмасымен елдегі құқықтық жүйе соңғы жылдары үлкен реформалардан өтті. Заң үстемдігі мен мемлекеттік қызмет беделі, сот корпусының біліктілігі жоғары сапаға көтерілді. Елдің кейбір заңдары қайта қарастырылып, ізгілендіру бағытында көптеген оңды нәтижеге қол жеткізді. Оның ішінде азаматтық істер бойынша медиациялық келісімге жататын істер санаты кеңейді. Қарапайым халық бұл өзгерістерді жылы қабылдады.

Мемлекеттегі медиацияның қалыптасуы негізінде біраз заңдарға толықтырулар мен өзгерістер енді. «Медиация мәселелері жөнінде ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңы шеңберінде Азаматтық кодекстің, Қылмыстық кодекстің, Қылмыстық-процестік кодекстің, Әкімшілік кодекстің және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына гуманизациялық сипаттағы жаңашылдықтар қосылды. Бұл процестер қолданыстағы заңнамалар жүйесінің сапасын арттырып, әділетті құқықтық институтты қалыптастырды.

Бұл заңдарға енгізілген медиативтік санат арқылы азаматтық, еңбек, отбасылық және басқа да құқықтық қарым-қатынастардан туындайтын қылмыстарға жеңілдіктер қарастырылды. Сонымен қатар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық істерге қатысты даулар да сотқа дейінгі реттеу іс шаралары енгізілді. Алайда, «Медиация туралы» ҚР заңында «тараптардың бірі мемлекеттік орган саналса, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын

дауларға (дау-шарларға), сонымен қатар сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиативтік санат қолданылмайды».

Халықаралық құқықтық институт негіздері медиацияның аясын әлдеқашан кеңейтті. Қазақстандағы соңғы өзгерістер бізде де бітімгерліктің аясы кеңейгенін көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда Азаматтық процестік кодекстің баптары дамыған демократиялық, зайырлы ел заңдары санатында қарқынды қолданыста жұмыс атқарып жатыр. Осы заңдар шеңберінде елде бірыңғай тиімді заңнамалық негіз қалыптасқан.

Халықаралық құқықтық институт нормаларына сүйенетін ел мамандары бітімгершілікке қатысты жүйені жетілдіре түсу ізгілікке ұмтылған қоғамның жеңісі деп есептейді. Әділ соты, гуманизацияға бейімделген құқықтық жүйесі бар мемлекетте азаматтар заңды сыйлайды, тараптар дауды бейбіт шешудің жолдарын қарастырады.

Эльмира УРУНБАСАРОВА,
Алақол аудандық сотының
судьясы
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ТҮЙТКІЛ

Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отыруда.



АЛАЯҚТАР КЕЛТІРГЕН ШЫҒЫН 7 МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ

Ғаламтордағы әккілердің, әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып, әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастырып немесе аккаунт пен арнайы бет ашып, сайт жасау арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерді иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу арқылы жасалатын қылмыстар саны күннен-күнге көбеюде.

Қазақстан Республикасы ІІМ соңғы ақпаратына сүйенсек, жыл басынан бері елімізде 12 мыңға жуық интернет-алаяқтық тіркеліп, осы қылмыстармен келтірілген шығын 7 млрд теңгеге жеткен, 571 интернет-алаяқ ұсталып, 17 ұйымдасқан қылмыстық топ жойылған. Интернет алаяқтық қазіргі қоғамның ең өзекті әрі маңызды мәселесіне айналып, қолында компьютер, смартфон, планшеті бар кез келген адамның кез келген уақытта ақпараттық жүйенің, соның ішінде интернет алаяқтардың құрбанына айналу мүмкіндігі артады.

ҚР Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 наурыздағы № 6 «Алаяқтық туралы істер бойынша сот практикасы туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, ақпараттық жүйені пайдаланушыны Qiwi-кошелек, интернет-банкінг және т.б. арқылы алдап өзінің қылмыстық пиғылын іске асыру мақсатында ақпараттық жүйеде көрінеу жалған мәліметтерді немесе бағдарламаларды орналастыру жолымен ақпараттық технологиялар (компьютер, компьютерлік бағдарламалар, интернет, ұялы телефон және т.б.) арқылы жасалған, ақпараттық жүйені пайдаланушының мүлкін немесе мүлікке құқығын иеленуге бағытталған кінәлінің әрекеттерін ақпараттық жүйені пайдаланушыны алдау немесе оның сенімін теріс пайдалану жолымен жасалған алаяқтық деп тану қажет.

Аталған іс-әрекеттер ақпараттық жүйеге немесе телекоммуникация желісіне заңсыз қол жеткізумен ұштасқан жағдайларда, егер компьютерлік ақпаратқа заңсыз қол жеткізу нәтижесінде ЭЕМ жұмысы, ЭЕМ жүйесі немесе олардың желісі жойылса, түрлендірілсе не бұзылса, мұндай әрекеттер ҚК-нің 190 және 205 немесе ҚК-нің 190 және 206-баптарымен қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы бойынша саралануға жатады.

Әсіресе, сұранысқа ие Instagram әлеуметтік желісінде кімнің ақ, кімнің арам екенін ажырату өте қиын. Мына бір әлеуметтік желі арқылы әшкереленген дерекке тоқталсақ, яғни, күдіктілер пошта тасушымыз деп жалған сылтаумен адамдармен кездесіп, әңгімеге тартып, оларды суретке түсіріп, сосын сол адамның атынан мүлкікті онлайн-несие рәсімдеген, сөйтіп 750 мың теңгені қалтасына басқан күдіктілер тұтынушылардың сеніміне қалай кіру керектігін ғана емес, онлайн-несиенің қыр-сырын да мықты меңгеріп алған.

ҚР Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 24 қаңтардағы №1 «Бұлтартпау шараларын санкциялаудың кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 9-тармағына сәйкес, «Күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялауға сот адамға қылмыс жасады деп күдік келтіру негізділігін тексергеннен кейін жол беріледі. Осыған байланысты қылмыстық қудалау органының өтінішатында және оған қоса тіркелген материалдарда дәл осы адамның қылмыс жасады деген күдікті көрсететін мәліметтері болуға тиіс. Негізді күдік деп нақты адамның қылмыс жасауы мүмкін екендігін куәландыратын нақты деректер жиынтығын түсіну керек. Мұндай нақты деректерге: адам қылмыс жасаған кезде немесе тікелей оны жасағандан кейін ұсталған; жәбірленуші немесе куәгерлер осы адамды қылмыс жасады деп көрсеткен; немесе оның киімінде, онда немесе оның тұрғынжайында қылмыс іздері және т.б. табылған деректер жатады. Адамға қылмыс жасады деген күдік келтірудің негізділігін тексеру кезінде тергеу судьялары қылмыс оқиғасының шын мәнінде орын алғанын, қылмыстық құқық бұзушылық құрамы белгілерінің бар-жоғын және оны осы адамның жасау ықтималдығын көрсететін жеткілікті деректердің бар-жоғын ескеруі қажет.

Бүгінгі күні, алаяқтық қылмыстың ашылуы жоқтың-қасы екенін ескерсек, ал бірен-саран ашылған қылмыстар бойынша күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына санкция беруге байланысты мәселелерді шешкен кезде, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының дәлелдемелерін, яғни хаттамалар, жәбірленушінің, куәлердің жауабы, беттесу хаттамалары тағы басқа дәлелдер жиынтығын негізге алып, жоғарыда көрсетілген нормативтік қаулының талабына сай, күдіктіні күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялайды. Алайда, тергеу судьясы дәлелдер жиынтығын саралаған кезде, интернет-алаяқтардың қылмысқа тікелей қатысы бары, оны дәлелдейтін әрекеттер ретінде жәбірленушінің немесе куәгерлердің осы адамды қылмыс жасады деп тікелей көрсетуі сияқты дәлелдемелердің болуы шарт. Сонымен қатар, күдіктіні күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасына балама ұйқамақ, кепіл түріндегі және тағы басқа бұлтартпау шараларын қолдану, яғни күдіктіні компьютер немесе ұялы телефонмен интернет желісіне шығуға мүмкіндік беру болып саналады, яғни, күдікті осыны пайдаланып тергеп-тексеру органдарының жұмысына кедергі келтіруге немесе қылмысын әрі қарай жайғастыруға мүмкіндік алады.

М.РЫСЖАНОВ,
Шахтинск қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП КОДЕКСІ – БАСТЫ БАҒДАР

Әдеп кодексінің басты міндеті – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың профилактикасына бағытталған іс-шараларды әзірлеу, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік әдепті сақтаудағы жауапкершілік деңгейін арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау, әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру және мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеу. Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік бейнесіне және іскерлік қасиеттеріне қойылатын талаптар күшейе түсті. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде

де мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез-құлық стандарттары мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның дауары уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады. Кодекс халықтың мемлекеттік ор-

гандарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен мінез-құлықтарына үлкен мән берілуде. Сондықтан, мемлекеттік қызметте үлкен жетістіктерді бағындыруды көздеген әрбір мемлекеттік қызметші Әдеп кодексінің және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талаптарын сақтап, мемлекеттік қызметті адал атқаруы қажет.

А.МУРАТОВА,
Орал қалалық әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты кеңесінің аға сот приставы

МЕЖЕ

ГЕНДЕРЛІК ШЕКТЕУГЕ ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Тәуелсіз еліміздің тұғырын биіктетуде қыз-келіншектердің еңбегі ермен. Әсіресе, Кеңес одағы тарап, жас мемлекеттің іргесін бекітіп, болашағын айқындауда еліміз біраз қиындықпен бетпе-бет келгені шындық. Жұмыс орындары жабылып, азық-түлік бағасы бақылауға бағынбай тұрған тұста отбасыларды сақтап қалған да аналар болатын. Ендеше, отбасы мен мемлекеттің тірегіне айналған әйелдердің кез келген қызметке араласуына ешқандай тыйым, шектеу болмауы керек. Бұл демократиялық, құқықтық, зайырлы мемлекеттің басты шарты.

Қазақстан әйелдерінің қоғамдағы рөлі ерекше. Бүгінде қай саланы алсаңыз да әйелдер араласпаған, қыз-келіншектердің ықпалы болмаған орта аз. Әйелдер өзінің жауаптылығымен, тиянақтылығымен, нәзіктігімен, бей-

бітшілік сүйгіштігімен өз ортасының көшбасшысына айналуда. Біздің сот саласында еңбек етіп, кәсіби біліктілігімен, терең білімімен, жастарға деген жанашырлығымен көпшіліктің құрмет-ықыласына бөленіп жүрген

қыз-келіншектер аз емес. Сот жұмысының тылындағы шаруаларды шашуын шығармай атқарып отыратын кеңсе мамандарының басым бөлігін әйелдер құрайды. Сонымен бірге, еліміздің төрелік алаңында тура шешім, әділ үкімімен азаматтардың алғысын алып жүрген судья-ханымдар қатары да жыл өткен сайын толығып келеді. Кейінгі жылдары аудандық сот төрағасы болып, бір соттың жұмысын ұйымдастырып, бір ұжымның берекесін кіргізіп отырған әйел-төрағалардың көбейгенін де айта кеткеніміз жөн. Бұдан бөлек қала, облыстық соттардың алқа төрағалығына батыл қадам жасап, екі облыстық сот алқаларын басқарып отырған судья-ха-

нымдардың қызметтегі баспалдағы басқа қыз-келіншектерге үлгі боларлықтай.

Біздің елімізде гендерлік саясаттың міндетіне билік құрылымына әйелдер мен ерлердің тең қатысуын, экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, отбасындағы тең құқықтар мен міндеттер үшін талаптар құру, жыныс белгілері бойынша күштеу бостандығын қамту кіреді. Бүгінде бұл бағыттағы іс-шаралар оң нәтижесін беріп отыр.

Гендерлік стратегия іске асырылған жылдары отбасылық-неке қатынастарында тұрған ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің кеңе-

юіне жол ашылды. Отбасы міндеттерін еңбек қызметімен ұштастыру мүмкіндіктерін жасау мақсатында еңбек заңнамасында ата-аналардың ікемді жұмыс түрлері мен бала күтімі бойынша демалыс алуға құқықтары туралы нормалар бекітілгенін де айта кеткен жөн. Сонымен қатар, әйелдердің, жүкті әйелдердің және баласы (балалары) бар әйелдердің еңбегін реттеу ерекшеліктерін бекітетін нормалар да пайда болды. Осының бәрі Қазақстанда гендерлік шектеуге жол берілмейтінін, керісінше, отбасы мен қызметін қатар алып жүргісі келетін қыз-келіншектерге барынша жағдай жасалатынын көрсетеді.

Гульзина НАЙЗАБАЙ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

ӨРТҮРЛІ

6. Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 14 желтоқсандағы ұйғарымымен «Kagazy Recycling» ЖШС-н, БСН 060440002497, ақтау туралы іс қозғалды. Барлық мәселелер бойынша заңды мекенжайына хабарласу керек:

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қаласы, Наурызбай көшесі, 9А үй.

7. «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

10. 2022 жылғы 14 желтоқсаннан бастап «МҚҰ «Микрокредиттік үй» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) заңды мекенжайы өзгергенін хабарлаймыз.

МҚҰ жаңа мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Байзақов көшесі, 311/70, пошталық инбекс 050026.

18. 14.12.2022 ж. «Base!» Сактандыру компаниясы АҚ (БСН 940 440 000 910) қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сактандыру (кайта сактандыру) шарттары бойынша сактандыру портфелін беруді жүзеге асырды. Сактандыру портфелі «Standard Life» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ-на берілді, мекенжайы: 050012, Алматы қ., Қабанбай батыр к-сі, 186 (Мұратбаев к-сінің қиылысы). Телефон: 8(727)3315353, e-mail: info@stdlife.kz

Филиалдарының мекенжайы мен телефондары «Standard Life» өмірді сактандыру компаниясы» АҚ-ның сайтында (https://standardlife.kz/) және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сайтында көрсетілген (https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/financial-organizations/25?lang=ru).

19. «Есенов колледжі» ЖШС, БСН 200640012363, «Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ, БСН 930640000430, құрылымдық бірлігі ретінде өзінің қайта құрылатындығы туралы хабарлайды. Шағымдар Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 11-ші шағынаудан, 46 ғимарат мекенжайы бойынша қабылданады. Тел.: 87292788788(368).

29. Талдықорған қалалық сотының өндірісінде азаматша Гүлім Артықбайқызы Мамасалиеваның Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласының тумасы, азамат Рафаэль Дәулетқажыұлы Исабекті қайтыс болды деп тану туралы өтініші жатыр. Оның соңғы мекенжайы мынадай: Талдықорған қаласы, «Мүшелтой» шағынауданы, 33 үй, 9 пәтер.

ТАРАТУ

2. «Партнер ломбард КЗ» ЖШС, БСН 200440006430, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 6 ықшамаудан, 33 үй.

3. Алматы қаласы МАЭС-ның №7527-21-00-2/2739 шешімі бойынша «Аспан Кредит» ЖШС, БСН 120240017888, өзінің жойылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Көк-Төбе» шағынауданы, Қыз Жібек көшесі, 23 үй. Тел.: 87017365201.

4. «Түркістан облысының ветеринариялық өзін өзі реттеу ұйымы» қоғамдық бірлестігі. БСН 221140052549, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Төле би ауданы, Ленгер қаласы, Қ.Дүйсемұратұлы көшесі, 130 ғимарат, тел.: 87029637186.

5. «ALTA»АҚ Қарағанды қаласындағы өкілдігі» ЖШС, БСН 160142011893, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Бұхар жырау даңғылы, 49/6 ғимарат, «Қазақстан» бизнес орталығы, 204-кеңсе.

9. «Болашақ» кәсіпкерлер қауымдастығы, БСН 090540011920, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Абай облысы, Бородуліха ауылы, Киров көшесі, 108 үй.

12. «Горкомхоз Модернизация жилья» ЖШС, БСН 150940014646, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру

жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Павлодар қаласы, Луговая көшесі, 16 үй, 720.

14. «Triumpf-Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БИН 200140009701, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Сейтек көшесі, 26 үй, 57 пәтер.

20. «KLN TRADING (EURASIA)» (КЛН Трэйдинг (Евразия) ЖШС, БСН 210640036174, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 52/1 үй. Тел.: 87272588880.

21. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Абай бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 020840000824 (021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Абай ауылы, Абай көшесі, 1/1 үй) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

22. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Қарғалы бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 020840000834 (ҚР, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қарғалы ауылы) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

23. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Екпінді бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 020840001199 (ҚР, 021304, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Екпінді ауылы, Абай Құнанбаев көшесі, 8 үй) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

24. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Құмкөл бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 020840002018 (ҚР, 021305, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Құмкөл ауылы, Тұщыкөл көшесі, 4 үй) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

25. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 020840000874 (ҚР, 021301, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Сулықөл ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 2 үй) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

26. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Алмас бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 013240005124 (ҚР, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Алмас ауылы) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

27. Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Құлтай бастауыш мектебі» ММ ұйымы, БСН 031240005312 (ҚР, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Құлтай ауылы) өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021300, Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қорғалжын ауылы, Кенжебек Күмісбеков көшесі, 26. Тел.: 87163721632, 87163722372.

<p>Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының судьясы Даненова Ақмарал Алшынбайқызына</p> <p>ӘКЕСІНІҢ</p> <p>дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.</p>	<p>Алматы қалалық сотының басшылығы, Соттар әкімшісі мен Судьялар одағының Алматы қалалық филиалы, Алматы қалалық сотының судьясы Мәлік-тегі Бақыт Мәлікүлына</p> <p>жұбайы Анаргүл Әскерқызының</p> <p>қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының басшылығы, судьялары мен аппараты еліміздің сот жүйесінің ардагері, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы</p> <p>Юрий Афанасьевич ПОНОМАРЕНКОНЫҢ</p> <p>қайтыс болуына байланысты оның отбасына және туған-туыстарына ауыр қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.</p>
---	--	---

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғмыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢҒЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢҒЕ

ОБЛЫСТАРҒА:

6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢҒЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢҒЕ

✉ zangazet@mail.ru

МҰРАҒЕРЛІК

15. 13.11.2022 жылы қайтыс болған Шекербекова Тындымның; 21.06.2022 жылы қайтыс болған Мамиров Розбай Зиябудиновичтің; 01.12.2022 жылы қайтыс болған Сарыбасов Калбай Шаймерденовичтің аттарынан мұралық істер ашылғандығын хабарлаймын. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Тауке хан даңғылы, №180 мекенжайы бойынша Түркістан қаласының нотариусы Балтабаева Алия Оралбаевнаға хабарласуларын сұраймын. Тел.: 87718175589.

16. 22.08.2022 ж. қайтыс болған Исхаков Куралбайдың атына мұрагерлік іс ашылуына байланысты мұрагерлерінің Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент к., С.Қожанов көшесі, №31, нотариус Г.К. Кобегеноваға хабарласуларын сұраймыз. Тел.: 87781000934.

17. 06.12.2022 ж. қайтыс болған аз. Курбанбаев Абдугаппар Абдусаттаровичтің атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін Түркістан қаласы, Тәуке хан көшесі, 278 мекенжайы бойынша нотариус Даханова Баянгул Джаксановнаға хабарласуларын сұраймыз.

28. 15.06.2022 ж. қайтыс болған аз. Юсупова Асемкуль Полатбековнаға қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері мен мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиели ауданы, Шиели кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы мекенжайы бойынша жеке нотариус А.Есимхановаға хабарласуы қажет. Тел.:87014743502.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Кружская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-07-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

Елтай АУБАКИРОВ,
Жетісу облысы Әділет департаментінің зияткерлік меншік құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы:

«ТАУАР ТАҢБАСЫН ЗАҢСЫЗ ПАЙДАЛАНҒАҢДАР ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛАДЫ»

– Елімізде зияткерлік меншікті қорғау ісі қалай жүргізіліп жатыр? Озық идея иелеріне деген қоғамның көзқарасы қандай?

– Әділет органдарының негізгі міндетінің бірі – зияткерлік меншік құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға бағытталған. Өркениетті елдердің бәрінде озық идея, соны бастама иелеріне деген құрмет ерекше. Соған сәйкес, зияткерлік меншікті қорғау жұмысы да жақсы жолға қойылған. Өйткені, бүгінде мемлекеттегі табиғи байлықтан бұрын, жаңа идеялар жоғары бағаланады, әлемді мойындататын жаңалық жасаушыларға басымдық беріледі. Біздің елімізде де жеке және заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқығы саласындағы заңнама талаптарын сақтауы мемлекет бақылауында. Бұл бағыттағы жұмыс тек бақылаумен шешілмесі түсінікті. Зияткерлік меншікке деген оң көзқарас қалыптастыру үшін азаматтар арасында ақпараттық, насихат жұмысын кеңірек жүргізуге айрықша көңіл бөлініп отыр.

– Қазір танымал тауар белгілерінің атын жамылып, пайда тауып жүрген жандар көп. Жалпы, тауар белгісін тіркеу тәртібі қандай?

– Тауар белгісі, қызмет көрсету таңбасы (бұдан әрі – тауар белгісі) – заңға сәйкес тіркелген

немесе Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттарға орай тіркеусіз қорғалатын, бір заңды немесе жеке тұлғаның тауарларын (көрсететін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғаның біртектес тауарларынан (көрсететін қызметтерінен) ажырату үшін қызмет ететіні белгі.

Таңбалар ерте заманнан адамзат өмірінде болған. Қазақ тарихында малды таңбалау немесе рулық таңбалар көптеп кездескен. Заман өтіп уақыт ауысуына орай таңбалар қолданылуы да дамып, өзгеріп отырған. Тауар таңбасы тауар саясатының бөлігі болып саналады. Тауар таңбасы сол тауарға өндірушінің толық құқығы барын және оның сапалы екенін білдіреді. Бұл өз кезегінде өндірушінің жауапкершілігін арттырып, тұтынушының тауарға деген сенімін туғызады.

Тауар белгісі үлкен экономикалық мәнге ие бола отырып, фирма меншігінің немесе адамның құнды объектісіне айналады. Ірі компанияларда оның құны миллиондаған, кейде миллиардтаған ақшама бағаланады. Тауар маркасының құны фирманың материалдық емес активтеріне кіретіндіктен, олардың шамасы пайдамен бірдей құнды капитал болып табылады.

Тауар белгісін Ұлттық зияткерлік меншік құқықтары институты тіркейді. Белгіні Egov.kz, kazpatent.kz сайттары арқылы электронды түрде не-

месе Астана қаласына барып тіркеуге болады. Тауар таңбасын тауар иесінің келісімінсіз, ешкім пайдалана алмайды. Оны тіркеу «Ұлттық зияткерлік меншік институты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында, оның өңірлердегі өкілдіктерінен өтеуі талап етіп, тауар белгісінді келесі бір адамдар қолданбау үшін, барлық құқық сізде болуы қажет. Мұндай мүмкіндікке тек құзырлы органда тіркеуден өткеннен кейін ғана ие боласыз. Сондай-ақ, тауар таңбасының иесі заң бұзушыдан шығындарын өтеуді талап етіп, оны жауапкершілікке тартуға құқылы. Тауар таңбасы ретінде бейнелеу, сөз, әріп, цифр, көлем белгілері және өзге де белгілер немесе бір тұлғаның тауарлары мен қызметтерін басқа тұлғаның біртектес тауарларынан немесе қызметтерінен ажыратуға мүмкіндік беретін олардың аралас үлгілері тіркелуі мүмкін.

– Биылғы жыл қандай шараларға басымдық берілді? Жеткен нәтижелеріңізге де тоқтала кетсеңіз.

– 2022 жылы түсіндіру шараларына баса мән берілді. Жаңа форматта, жаңаша жұмыс жасауға көптеген аудиторияны қамтуға тырыстық. Өмірімізге жаңалық әкелген жаңа технология мен электронды әдістерді менгеру қажеттілігін түсіндік. Ағымдағы жылдың 3-4 тоқсанында 400-ден астам шара (әлеуметтік желі, ұялы телефон



көмегімен) жарияланды. Осы салаға қатысты департамент тарапынан және ауданаралық әділет басқармалары құқықтық түсіндіру шараларын тұрақты түрде жүргізіп отырды.

Зияткерлік саласындағы заң бұзушылықтарды болдырмау және ӘҚТК 158-бабының талаптарын түсіндіруге байланысты брендтік тауар саудалайтын ұйым өкілдерінің тауар таңбасын заңсыз қолдану, облыс аумағындағы брендтік тауарлардың контрафактілік жолмен таралуына жол бермеу және заң бұзушылықтар анықталған жағдайда әділет органдарымен бірлесіп шаралар атқару қарастырылды.

Қазан айында Жетісу облысы Әділет департаменті мен «Атамекен» ҰКП Жетісу облыстық филиалы «FONVIX» компаниясы және аманат авторлық ұйымымен бірлескен семинар өткізді. Семинарда рестораторлармен кездесу өткізіп тауар таңбасы, музыкалық әуендерді пайдалану, өз кәсібін ашқанда жеке логотип алу арқылы кәсібін жарнамалау тақырыптарында кеңес берді.

– Соңғы жылдары отан-

дық өнертапқыштардың белсенді жұмыс жасап жатқаны байқалады. Олар тауар таңбасын шет елдерде тіркей ала ма? Оның тәртібі қандай?

– Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары тауар таңбасын шет елдерде тіркеуге немесе оны халықаралық тіркеуден өткізуге құқылы. Тауар таңбасын халықаралық тіркеуден өткізуге өтінім сараптама жасау ұйымы арқылы беріледі. Тауар шығарылған жер атауын шет елдерде тіркеу ол Қазақстан Республикасында тіркеліп, осы тауар шығарылған жер атауын пайдалану құқығы алынғаннан кейін жүргізіледі.

– Ал зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру қалай іске асуда?

– Биылғы жылы 20 маусымда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Осы заңда ұжымдық ұйымдар қызметінің ашықтығын күшейту; географиялық атауларды бөлек тіркеу арқылы туризм мен ұлттық брендті дамытуға әсер етуге қатысты өзгеріс қарастырылған.

– Зияткерлік меншікті қорғау бойынша алдағы уақытта қандай шаралар қолға алынбақ?

– Әлемді алаңдатқан індеттен кейін төтенше жағдайға жұмыс жасаудың жаңа тәсілдерін ойластырып, менгеруге тырысып жатырмыз. Осы тұста онлайн жақты да көптеген шаралар атқаруға болатынына көз жеткіздік. Біз тоқтасақ та Әлем тоқтамайды, сондықтан көштен қалмай алдыңғы дамыған елдер қатарынан көрінуге үлес қосуды қажет. Қазақ елінің азаматы ретінде Қазақстанның дамуына үлес қосу баршамыздың міндетіміз.

– Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңызға рақмет!

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

КОНФЕРЕНЦИЯ

КЕЛІСІМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ КӨМЕГІ КӨП

Еңбек дауларының қалай алдын алуға болады? Жұмыс берушілер неге еңбек келісімшартын жасауға құлықсыз? Азаматтар еңбегін бағалатудың жолы қайсы?



Еңбек құқығына қатысты осы тектес сұрақтарға «Әлеуметтік-еңбек қатынастары саласындағы еңбек даулары және қарама-қайшылық жағдайларды шешу жолдары: теориялық-тәжірибелік сұрақтар» атты жыл сайынғы

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда жауап ізделді. Бұл маңызды шараны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Заң факультетінің Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы өткізген бо-

латын. Конференция жұмысына отандық және шетелдік ғалымдар, судьялар, кәсіптік одақ басшылары, қоғам қайраткерлері, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ басшылары, қызметкерлері, адвокаттар, қызметшілер, прокуратура, Алматы қаласы еңбек инспекциясы басқармасының лауазымды адамдары, бизнес-құрылымдардың өкілдері қатысты.

Конференцияны Заң факультетінің деканы Д.Байдельдинов ашты, ол шараға қатысушылар назарын ұйымдардағы еңбек дауларының себебі мен жағдайы туралы сұраққа аударды. Еңбек жанжалдары мен дауларының әлеуметтік-құқықтық табиғаты туралы Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті Т.Абайдельдинов айтып берді.

Шетелдік контактардың баяндамалары қызығушылықпен тыңдалды. «Ресей мемлекеттік сот төрелігі университеті» ФГБОУ Солтүстік-Батыс

филиалының Азаматтық құқық кафедрасының доценті Н.В.Пугачева Ресей сот практикасының материалдарында жеке еңбек дауларын шешудегі еңбек құқығы принциптерінің рөлін ашып берді. «Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресей халық шаруашылығы және Мемлекеттік қызмет академиясы» ФГБОУ Ставрополь филиалының доценті Г.В.Шевченко еңбек қатығыстарында медиация процедурасының тиімділігі мен болашағын талдады.

Конференция барысында жеке еңбек дауларының түрлері мен сипаттамалары, құқықтық негіздері, сотта еңбек дауларын шешуде құқық салаларының нормаларын қолдану ерекшеліктері және тараптардың мәртебесін ескере отырып, еңбек дауларын шешу ерекшеліктері, еңбек дауларын қарайтын органдар, олардың құқықтық мәртебесі талқыланды. Заң ғылымдарының докторы Ш.Забихтың «Еңбек ұжымдарындағы еңбек дауларын қараудың практикалық аспектілері және оларды соттардың шешуі» атты баяндамасы конференцияға қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. Шолпан Арапбайқызы өз сөзінде еңбек дауларының алдын алу және реттеу – салауатты

және нәтижелі еңбек қатынастарының кепілі екенін атап өтті. Сондықтан мүдделі тараптар ұжымдық келіссөздер және әлеуметтік әріптестікті нығайту процесінде дауларды реттеу тетіктерін пайдаланады.

Жиында келісім комиссиялары туралы көптеген сұрақтар қойылды, оларды құру шарттары, қызметті ұйымдастыру және өкілеттіктер талқыланды.

Мәселенің мән-маңызын ашуға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының өкілдері де белсенді атсалысты. Олар кәсіподақтар қызметінің құқықтық негіздері, жарғылық міндеттері, олардың әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеуге, еңбек дауларын шешуге кәсіби одақтардың қатысуы нысандары туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Бұл шараның көпшілікке берері мол.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
з.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының менгерушісі
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым **5527** дана
Апталық таралым **11 054** дана

Тапсырыс №189 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс: 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31